

ТҮҮ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ПАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

екабрь Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым.

Америка Ұрама Штаттары мен Совет Одағы арасында соғыстың шығуы сөзсіз деп есептеуге болмайтындығына, біздің елдеріміз келешекте де бейбітшілікте тұра алатындығына мен әлі де сенудемін.

И. В. СТАЛИН.

Дипломатиялық тілшісі жылғы 21 декабрьде сұрақтарына жауаптары

СҰРАҚ. Халықаралық шиеленісті бәсеңдету туралы мәселе бойынша Сіз бен генерал Эйзенхауэр арасында кездесу мүмкіндігін қарау үшін Эйзенхауэрдің жаңа өкімшілігінің өкілдерімен дипломатиялық келіссөздер жүргізуді Сіз құттықтар ма едіңіз?

ЖАУАП. Мен мұндай ұсынысты мақұл деп қараймын.

СҰРАҚ. Сіз Кореядағы соғысты біржолата тоқтату мақсатында кездейтін жаңа бір дипломатиялық шаралар жөнінде ынтымақтасып іс істер ме едіңіз?

ЖАУАП. Мен ынтымақтасып іс істеуге ризамын, өйткені, Кореядағы соғыстың жойылу мүддесін кездейті.

Мәдениеттілікке әзірлік кең өрістетілсін

Мәдениеттілік, мәдениеттің зор табыстарына жеткізу үшін Советтердің ынтымақтасып отырғандығын есімізге алу керек.

Мәдениеттілікке әзірлік және оны өткізу кезінде саяси және бұқаралық жұмыстың орталығына айналдырумен қатар, оларды сайлаушылардың жұмыстан бос уақытында мәдениетті, көңілді демалатын

Сапалы тұқым—мол өнімнің негізі

★
Егіс қамы найқалуды көтермейді

Преснов ауданындағы «Трудовой гуртог» колхозында 4200 центнер тұқымдық дақыл тазартылып, өнгінтік сапаға жеткізілуге тиіс. Колхоз басшыларының мол өнім қамын осы күннен ойламай, арқаны кенге салуы себепті мұнша тұқым қорының осы күнге дейін бірде-бір центнері дайындалып, өнгінтік сапаға жеткізілмеген.

Мұнда тұқым қорын көктемгі егіске әзірлеуге қажетті мүмкіндіктің бәрі бар. Колхоз басшылары (председателі Порошков жолдас) қолда бар күш-мүмкіншілікті тұқымдық дәнді тазалап, себу дәрежесіне жеткізуге тиімді пайдаланбай келеді. Ауданда мұндай колхоздар некен саяқ емес. Алдағы жылдың егісіне тұқым дайындау ісі «Красный партизан» колхозында да (председателі Степанов жолдас) мүлдем баяу жүргізілуде. Осы уақытқа дейін мұнда тұқым қорының небары 25 проценті ғана тазаланып, себу дәрежесіне жеткізілген.

Мол өнім жолындағы күрес ауданның «Прибой» (председателі Шмелев жолдас),

★
Тұқым дайындау қарқынды тездету керек

Ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі басты міндетті орындау жолындағы күресті күшейте отырып, облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары көктемгі егіске жоғары сапалы тұқым әзірлеп, оны шығымдылық сапаға жеткізуде.

Алдағы жылдың көктемгі егісіне ерте тұқым дайындау Конохов ауданындағы Мичурин атындағы, Мамлют ауданындағы «Заря коммунизма», Вильямс атындағы және Булаев ауданындағы «Страна Советов» колхоздарында да ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Дегенмен, облыстың бірқатар колхоздарында көктемгі егіске қажетті тұқым қорын құю, тазалау және сорттау жұмыстары өте баяу жүргізілуде. Тұқым дайындауда Булаев ауданының колхоздары кешіргісіз артта қалып қойды. Мұнда 20 декабрьге дейін қолда бар тұқым қорының небары 26-ақ проценті тазаланған. Осы мерзім ішінде Совет ауданында тұқымдық дақылдардың 32,5 проценті, Приешім ауданында 38,7 проценті ғана тазаланған етті.

Келесі жылдың егісіне тұқым әзірлеу Мамлют ауданының «Зерновая фабрика» колхозында (председателі Шульгин жолдас) нашар ұйымдастырылған. Мұнда тұқым қоры алғашқы тазалаудан да өтпеген, 3 мың центнердей тұқымдық дақыл тазаланбай комбайннан алынған күйінде қырдандарда жатыр. Колхоз председателі Шульгин және осы колхозды қамтытын агроном Ряпалов жолдасар тұқымдық дақылды тазалап және сорттап, себу дәрежесіне жеткізудің шұғыл шараларын қолданбай-ақ келеді.

Дән тазалайтын машиналар Ново-Георгиев МТС-нің (директоры Штапаук жолдас) қамтуындағы колхоздарда жұмысқа өте тиімсіз пайдаланылады. Мәселен, «Прогресс» колхозында «ВИМ» машинасы мотордың жоқтығынан бір ай бойына жұмысқа қосылған жоқ. Осы сыяқты, аталған МТС-тің қамтуындағы Молотов атындағы колхозда «ОС—1» машинасы техникалық жағынан жарамсыз болуы себепті тұқым тазалауға екі ай бойына пайдаланылмай келеді. Бұл жағдай МТС басшыларына көптен мәлім. Алайда, олар дәл

публикалық социалистік жарысының инициаторы болып отыр.

Советтер, көмеңгер көсеміміз И. В. Сталин жолдастың атап көрсеткеніндей, бұқараның тікелей өз ұйымдары, яғни, кеңестік демократиялық ұйымдары, десек, бұқараның ең беделді ұйымдары болып табылады.

В. Сталин жолдастың данышпандық еңбегі туралы лекциялар

ТЕКЕЛІ, (ҚазТАГ). Қалада партияның XIX съезінің қарарларын және Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін насихаттау жұмысы кең өріс алды. Қалалық партия комитеті съездің қарарлары бойынша лекциялар оқуды ұйымдастырған. Кеншілер клубында Аралбаев жолдас «И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі—марксизм-ленинизм теориясына қосылған жаңа, аса зор үлес» деген лекция оқыды. Қалалық партия комитетінің лекторы Кушнарев жолдас қаланың партия және совет активіне «Социализмнің экономикалық заңдарының сипатына қатысты» деген лекция оқыды.

Түркістан облысында оқу орындарының насихатшылары ағашқы сабаққа әзірленуде. Үгітшілердің партияның XIX съезінің қарарларына арналған жалпы қалалық кеңесі өткізілді.

И. В. Сталин жолдастың данышпандық еңбегін және партияның XIX съезінің тарихи қарарларын оқып-үйрену Текелі кеншілерінің жаңа еңбек өрлеуін тудырды. Электр станциясының, байыту фабрикасының, рудниктің коллективтері жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, 1953 жылдың есебіне жұмыс істеуде. Коммунист Неаронский жолдас басқаратын 4-участоктің кеншілері жылдық жоспарды 117 процент орындады. Байымбетов жолдастың комсомол бригадасы, мастер Фисенко жолдастың смесасы 1953 жылғы апрельдің есебіне жұмыс істеуде.

ерекше көңіл бөліп отыруға міндетті.

Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік жұмыстарына байланысты облысымыздың мәдени-ағарту мекемелері де өздерінің жұмыстарын негізінен қайта құрулары керек. Жергілікті жерлердегі оқу үйлері, қызыл мүйістер, жұмысшы клуб

тарының партиясының басшылығы арқасында коммунизмнің салтанат құратындығына сенімін бұрынғыдан да арттыратүседі.

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауын партиямыз бен үкметіміздің бүгін таңдағы талаптарына сай жаңа табыстармен қарсы алайық!

Семейдің облыстық „Прииртышская правда“ газетінің Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Еңбекшілерді Ленин—Сталин партиясының идеясы рухында тәрбиелеу жөніндегі игілікті жұмыстары және облыстың экономикасы мен мәдениетін арттыруға еңбекшілерді жұмылдыру ісіндегі еңбегі үшін, шыға бастағанына 25 жыл толуына байланысты Семейдің облыстық «Прииртышская правда» газеті Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградталсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

Председатели Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,

24 декабрь, 1953 жыл.

„Прииртышская правда“ газеті редакциясы мен баспахана қызметкерлерін наградтау

Семей облыстық «Прииртышская правда» газетінің 25 жылдығына байланысты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы редакция мен баспаханың ерекше көзге түскен біртөп қызметкерлерін Жоғарғы Советтің грамотасымен наградтады.

Жоғарғы Советтің грамотасымен мыналар наградталды: линотипистка М. Ф. Башкирцева, корректор М. Е. Бударина, фо-

токорреспондент В. П. Дронов, түнгі смеланың бастығы Н. Я. Ишимов, машинистка К. Ш. Кайлова, мәдениет және тұрмыс бөлімінің меңгерушісі Н. П. Лихолет, стереотипші А. А. Мурашкин, әдеби қызметкер П. И. Рсажков, бақылаушы корректор М. Г. Соина, партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Д. Ф. Черепанов.

(ҚазТАГ).

Теміртау металлургтерінде

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Теміртау металлургтері прокат пен болат өндірудің жаңа бесжылдықтың аяғына жоспарланған дәрежесіне мерзімінен бір жыл бұрын жетуге міндеттенді.

Кәсіпорындар алынған міндеттемелерді ойдағыдай орындау үшін жарысты өрістетуде. Стахановшы Танабай Кәрімов кеше кезекті балқыту жұмысын мерзімінен бір сағат бұрын орындады. Ол мартен пеші-

нің табанының әрбір шаршыметрін нормадан тыс екі тонна металл алды. Бұл күні мартеншілер графикте көрсетілгеннен екі балқытпаны артық алды. Тапсырмадан тыс 100 тоннаға жуық болат шығарылды.

Прокатшылар күн сайын жоспардан тыс ондаған тонна өнім беруде. Ұсақ сортты «280» станында металды прокаттау жұмысын автоматтандыру аяқталып келеді.

ның кінәсінен, рамысыздығы және ліксіздігі себепті май тұрды. МТС мұндай қуатты пайдаланудың бады.

Ф. МУҚЫШОВ.

ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕР

Сайлау қарсаңындағы

1953 жылғы 1 март — еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік және ауылдық Советтеріне сайлауы күні. Жергілікті Советтерінің болғалы отырған сайлауы облыс еңбекшілерінің өміріндегі саяси зор оқиға болып табылады.

Қаланың партия ұйымдары кәсіподақ және комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, бұл күндері үгіт коллективтерінің құрамын қайтадан іріктеу және нығайту, ол коллективтердің құрамын үгіт жұмысынан мол тәжірибесі бар, саяси сауатты адамдармен толықтыру жөнінде бірқатар жұмыстар істеді.

Мәселен, Петропавл паровоз депосының партия ұйымы жанындағы 215 адамнан құралған үгіт коллективі кезіңнің өзінде пәх жұмысшылары арасында партияның XIX съезінің қарарларын кеңінен насихаттай отырып, депо жұмысшылары арасында жүргізілетін үгіт-бұқаралық жұмысты алдағы болатын жергілікті Советтің сайлауына байланысты қайтадан құруға кірісті. Сол сыяқты, шоғын-қуя таразы заводының таңдаулы үгітшілері Дурнов, Кузнецов, Пасюк жолдастар соңғы бір өткізген әңгімелерінде жұмысшыларды республикада жергілікті Советтердің сайлауын өткізу туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен таныстырып, бұл сайлаудың республика еңбекшілерінің өміріндегі саяси зор оқиға екендігін айтты.

Петропавл қаласында жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік және оны өткізу кезінде құрамында 3500-ге жуық адамы бар 40-тан аса үгіт коллективтері

жұмыс істейтін КИ Петропавл коллективтерінің жетекшілері қайтадан қарап,

Бұл күндері бөлімдер депутаттарының сайлауын ең дәстүрлеріне сай сатымен еңбек өрлеріндегі сыяқты шаруашылықтың лау құрметіндегі кеңінен өрістетіп, жолындағы күрес

Қала еңбекшілердің сайлауына тік жарысты кең барлық учаскеге жетісу жолындағы — сталиндік боспарын партиямыз лабына сай мерзім жолындағы бүкілдерінің игі үлесін к

Жергілікті Советтің халықтарының ілігінің және мызғи бір рет айқын дегендігі мәлім. Болашақ әрбір кәсіпорны өтөлық және асыра алуға тиіс.

Міне, мұндай шешуші асыру жолының партия, кәсіпші ұйымдары, барлық күш жұмсауда.


луын

кізумен ғана
ң ішкі жұмыс
ітшілер тобы-

Үгітшілердің
мысының идея
сшылық етті.
колхозшылар
баяндама жа-
партия ұйы-
а зор көмегін
ия ұйымында
ұмыс ойдағы-

путь» колхоз
истов астық
дары да жо-
қты, өзінің
үнемі тексе-
лған партия
белсенділі-
ия талсырма-
ктерін күшей-
мдары комму-
аншылығының
рыс белген.
сылай әрбір
стыру және
ық роль аты-
ы.

ын тексеруде
ер бар. Ұзын
мы (секрета-
партия ұйым-
даған қаулы-
е әлі жеге
ілемі совхоз-
мейді. Оның
шаруашы-
ын бақылап
ысында ша-
далуы жөнін



Петропавл қаласында Қазақ ССР құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрлігіне қарасты жаңа кірпіш заводы салынып жатыр. Завод отандық жаңа техникамен жабдықталады. Күрек пен қоларбалардың орнына мұнда экскаваторлар, бульдозерлер, жыра қазғыштар және басқа механизмдер жұмыс істейді.

СУРЕТТЕ: экскаватордың канализация үшін траншея қазып жүрген кезі. Алдыңғы қатарда қазылған балшықты тасып жүрген бульдозер.

Суретті түсірген В. Жоголев.

Оқытушылардың январь конференциясы қарсаңында

Қазақ ССР оқу Министрлігінің ұйғаруы бойынша 4 январьдан 8 январьға дейін облысымыздың аудандарында оқытушылардың қысқы конференциялары өткізіледі. Бұл конференцияларда оқу бөлімдері мен мектептердің оқу жылының бірінші жартысында істеген жұмысы талқыланбақ.

Конференцияның күн тәртібіндегі күрделі мәселенің бірі — партияның XIX съезінің қарарларын жүзеге асыру мақсатында мектептерде политехникалық оқуға көшуге әзірлік жөніндегі міндеттер.

Осы сыяқты, конференция ССРО Минис-

сында сын өзара сынды кеңінен өрістетулері керек.

Конференцияда, әсресе, соңғы екі мәселені талқылауға, оны дұрыс шешуге ерекше көңіл аударылуға тиіс. Өйткені, мектептерді политехникалық оқуды жүзеге асыруға әзірлеу мәселесі көзір мектептердің алдына қойылып отырған күрделі міндеттердің бірі болып отыр. Сондықтан да бұл мәселені талқылауға конференцияға қатысушылар алдын-ала әзірленіп келулері керек.

Облыстық оқу бөлімінің жоспары бойын

«Халықтар арасында бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Сталиндік сыйлықтың лауреаты Поль Робсонның мәлімдемесі

НЬЮ-ЙОРК, 24 декабрь. (СОТА). Поль Робсон баспасөз конференциясында «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықты өзінің алғыс айтып қабыл алатындығын және осы сыйлықты алу үшін Совет Одағына баруға паспорт алу шарасын істейтінін мәлімдеді. Мемлекеттік департамент соңғы уақытқа дейін Американың бейбітшілік жолындағы басқа да көптеген күрескерлері сыяқты, Поль Робсонға да шет елге баратын паспорт беруден бастартып келді.

Бейбітшілік жолындағы қозғалысты оған әрі нығайту қажеттігін көрсете келіп, Поль Робсон былай деп мәлімдеді: «Барлық әлеуметтік топтар мен әртүрлі көзқарастың онмыңдаған және тіпті миллионда-

ған өкілдерін қамтыған бейбітшілік жолындағы осы қозғалыстың көлемі мен ықпалы біздің өз елімізді және бүкіл дүние жүзін көзіркі заманның аса күшті апатынан — дүниежүзілік үшінші соғыстан қорғап қалуы үшін еселеп күшейе түсуге тиіспіз».

Робсон негрлердің бейбітшілік жолындағы күреске қатысуға тиіс екендігін атап көрсете келіп, былай деп мәлімдеді: «Егер біз, негрлер, бейбітшілік үшін күреспейтін болсақ, онда біздер және біздің балаларымыз, біз сыяқты азаттық жолында күресуші Африканың халықтарына және басқа да халықтарға қарсы күреске қатыстырылатын боламыз. Егер, біз өз бостандығымызға зор көңіл бөлетін болсақ, онда бұл бейбітшілік жолындағы күреске қатысуға тиіспіз».

Австрия еңбекшілері халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің қарарларын құттықтауда

ВЕНА, 25 декабрь. (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылардың австриялық комитетіне көптеген хаттар түсуде. Онда австриялықтар бейбітшілік Конгресі қарарларына толық қағанаттанғандық сезім білдіреді.

«Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресі аяқталды, — деп жазады Курт Пордес (Вена), — бірақ, оның жұмысы және қарарлары көптеген жыйналыстардың, әңгімелер мен айтыстардың ұзақ уақытқа дейін арқауы болады...»

Көптеген хаттардың авторлары Конгресі бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайту ісіне қосылған зор үлес болып табылатынын атап көрсетеді.

«Халықтар парламентінің жұмысына, — деп жазады қызметші Ганс Дворжак, — түрлі саяси көзқарастағы адамдар қатысты, бірақ, олардың бәрі адамзатты бейбітшілік үшін, соғысқа қарсы күреске жү-

мылдыру қажеттігі туралы бірауыздылық пікірге келді».

Көптеген хаттардың авторлары австриялық үкмет партияларының лайықсыз әрекеттерін ызаланғандықпен атап көрсетеді. Мәселен, Герберт Дунст былай деп жазады:

«Австрия үкметі өзін өзі әшкереледі. Үкмет үнемі мемлекеттік договорды қолдайды деп шу көтеріп келді. Ал, Конгресіте Австрия мәселесі қаралған кезде ол үн көтерген жоқ. Сөйтіп, үкмет Австрияға азаттық және бостандық беруге қаршығып отырғанын, елді американдық базасына айналдыруға әрекеттенетінін көрсетті».

Бейбітшілік сүйгіш австриялықтар халықтардың достыққа ұмтылған тілегін және соғыс өртің тұтандырушылардың әрекеттерін мүлдем жоюға бел байлағандығын білдірген Конгресіті қызу құттықтайды.

гі, «Совет Одағы бейбітшілік күресінде» деген тақырыптарда лекция тыңдады. Сонымен қатар, кітапхананың насихатшыларға, үгітшілер тобының жетекшілеріне

рену жөнінде баяндама тыңдалды. Баяндаманы облыстық партия комитетінің секретары Г. В. Лосев жолдап жасады.

алмай отырғандығы жөнінде газетімізде осы тақырыпта хабар жарияланған болатын.

зір колхозда хат-хабарлар мен газет, журналдар иелеріне деркесінде жеткізіліп тұратын болған.

деп хабарлады:
22 ноябрь күн (Канвон провин

Механизатор кадрларын даярлау ісі жақсартылсын

Партияның XIX съезі ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруды, қоғамдық малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін молайтуды басты міндет етіп қойды.

Осыған сәйкес жаңа бесжылдықта ауыл шаруашылығын механикаландыру ісі бұрынғыдан да гөрі жақсара түседі. Мұнымен қатар, бесінші бесжылдықта машиналардың қуатын пайдалану, жұмысқа қосу ісі барынша жақсартылады. Мәселен, аталған мерзім ішінде әрбір трактордың күндіз жұмыс өнімділігі 50 процентке дейін арттырылуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне машиналардың қуатын толық пайдалану, олардың жұмыс өнімділігін арттыру міндетін механизатор кадрларының ойдағыдай шешуге болмайды. Демек, машиналардың біркалыпты жұмыс істеп, ауылшаруашылық өндірісінің үзілсіз ұлғаюы, егін өнімінің арттырылуы, мал шаруашылығының өркендеуі еналдымен механизатор кадрларының жылма-жыл мол даярлануына байланысты. Сондықтан ауыл шаруашылығының механизатор кадрларын жеткілікті даярлау, олардың мамандығы мен білім дәрежесін арттыра беру — көзіргі кезеңдегі ең маңызды міндеттердің бірі.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздары да советтік маңдай ақты техникамен жылма-жыл мол қарулануда. Осыған байланысты механизатор кадрларын даярлау ісі соңғы жылдарда біраз жақсарды. Өзінің жете менгеріп, ауылшаруашылық машиналарының қуатын өндіріске тиімді

пайдаланып жүрген механизаторлар саны да облысымызда барған сайын көбеюде. Облыстың 700 тракторшылары мен комбайншыларының ордендермен, медальдармен наградалуы және сегіз комбайншының Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақты алуы, ауыл шаруашылығындағы негізгі жұмыстардың машиналардың күшімен атқарылуы мұның айқын сыйпаттамасы.

Алайда, облыстың МТС-тері мен совхоздарында механизатор кадрларын, әсіресе, тракторшылар мен комбайншыларды жетік басқа да ауылшаруашылық машиналарының жүргізушілерін даярлау, қайта даярлау ісі әлі де болса тиісті дәрежеде емес. Арнаулы механизация мектептерінде, МТС-тер мен совхоздар жанындағы курстарда механизатор кадрларын даярлау және қайта даярлау жоспары жылма-жыл орындалмай келеді. Мұның негізгі себебі сол — көптеген МТС және колхоз мен совхоз басшылары маман механизатор кадрларын даярлау ісіне жете назар аудармайды. Механизация мектептері мен курстарына оқушыларды өте аз жібереді. Бұл жөніндегі жоспардың орындалуын қамтамасыз етпейді.

Быйыл облыста жоспар бойынша механизация мектептеріне 600 тракторшы, 200 комбайншы оқуға жіберілуге тиіс еді. Бірақ, көптеген МТС-тер бұл мектептерге адамдарды жеткілікті мөлшерде жібермеді. Көзіргі механизатор мектептерінде шебары 432 тракторшы, 177 комбайншы ғана оқып жүр.

Облыс МТС-терінде дизельді трактордың тракторшыларының саны өте-өте

аз. Сондықтан үстіміздегі жылы механизация мектептерінде 150 маман даярлануға тиіс еді. Алайда, МТС-тер бұл мамандыққа адамдарды быйыл да жеткіліксіз жіберді.

Механизатор кадрларын даярлау ісі Сартомар МТС-інде өте-өте нашар. Мәселен, МТС-тен механизация мектептеріне 24 тракторшы, 7 комбайншы орнына, 15 тракторшы, 3 комбайншы ғана жіберілген. Мұнда дизельді тракторлардың тракторшылары мүлдем жеткіліксіз. Жоспар бойынша механизация мектептерінде бұл МТС-тен 8 дизельді даярлау керек еді. Бірақ, МТС басшылары бұл мамандыққа даярлауға бірде-бір адам жіберген жоқ.

Осы сияқты, Совет, Булаев МТС-терінде де механизатор кадрларын даярлауға жете көңіл бөлінбей келеді. Көзіргі механизация мектептерінде Совет МТС-нен 24 тракторшы, 10 комбайншы орнына, 10 тракторшы, 4 комбайншы, Булаев МТС-нен 23 тракторшы, 8 комбайншы орнына, 12 тракторшы, 4 комбайншы ғана оқып жүр.

Механизатор кадрларын даярлауда және қайта даярлауда МТС жанындағы курстардың зор маңызы бар. Алайда, көптеген МТС-тер жанынан курс әлі ұйымдастырылған жоқ. Оларда оқу күні бүгінге дейін басталған да жоқ. Облыстағы 31 МТС-тен 10 МТС жанынан ғана курс ұйымдастырылып, оқу басталды. Бұлардың өзінде де сабақ ойдағыдай дәрежеде өтпей жүр.

Механизатор кадрларын даярлау облыс совхоздарында да ойдағыдай емес. Кейбір совхоздарда механизатор кадрлары жылма-жыл аз даярланады. Мысалы, өткен жылы Қарағанды совхозында механизаторлардың жеткіліксіздігінен бірнеше тракторлар бір-ақ сменада жұмыс істеді, ал, 2 трактор тракторшы болмағандықтан көптең егісінен кейін мүлдем жұмысқа

қосылмай босқа тұрды. Солдай бола тұрса да, совхоз басшылары (директоры Жексенбинов жолдас) быйыл механизация мектебіне оқуға бірде-бір тракторшы жіберген жоқ. Механизатор кадрларын даярлаудың жайы Октябрь, Степной совхоздарында да дәл осы сияқты.

Механизатор кадрларын даярлау ісіндегі мұндай кемшіліктерді дереу жою керек. МТС және совхоз басшылары машиналардың қуатының ауыл шаруашылығы жұмыстарына толық пайдаланылуы механизатор кадрларына байланысты екенін жете ескеріп, механизация мектебіне қолдан іс келетін адамдарды көптеп жіберуге тиіс. Олардың оқып, мамандық алуына барлық жағдайды жасаулары қажет.

Механизатор кадрларын жеткілікті даярлау мақсатымен барлық МТС-тер жанынан курстар ашып, олардың жұмысын жолға қосу, онда механизаторлардың жүйелі білім, арнаулы бір мамандық алуына қамтамасыз ету керек.

Бұл — МТС басшыларымен бірге, жергілікті партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық орындарының да негізгі міндеттерінің бірі.

Олар механизация мектептері мен курстарында маман механизаторларды даярлау мәселесімен үнемі шұғылданып, оған нақтылы басшылық жасап отыруға тиіс.

Маман механизатор кадрларын көп даярлап, озат техниканың қуатын ауылшаруашылық өндірісіне толық пайдалану, сөйтіп, бесінші бесжылдықта социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жетуді қамтамасыз ету — жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының, МТС, совхоз басшыларының бүгінгі таңдағы ең негізгі міндеті.

С. ТЕМІРХАНОВ.

ФРАНЦУЗ

ПАРИЖ, 24 д... те» газеті бүгін... тиясының мәлім... мәлімдемде П... Францияны аме... ру саясатының... ган.

Француз Ком...

«УДАРЫ

Бүгін

«Ж

Сеанстар 6-8

Касса сағат

Омск тел... станциясы... тын курсқа... ка қабылд... ленеді, киі... сыз жол... сыз етілед... Оқуға к... Петропавл... міне келіп

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс е